

**Байғанин аудандық мәслихатының 2018 жылғы 12 наурыздағы № 143 "Байғанин ауданы бойынша тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелерін белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2020 жылғы 13 наурыздағы № 316 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 16 наурызда № 6883 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Байғанин аудандық мәслихатының 2018 жылғы 12 наурыздағы № 143 "Байғанин ауданы бойынша тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелерін белгілеу туралы" ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-4-161 тіркелген, 2018 жылғы 12 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. "Байғанин аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді Байғанин аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Байғанин аудандық  
мәслихатының сессия төрағасы*

*Н. Сарыбаева*

*Байғанин аудандық  
мәслихатының хатшысы*

*Б. Турлыбаев*